

**Қарағанды техникалық университеті КЕ АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен (2021 жылғы «22»
маусымдағы №4 хаттама)
Бекітілді**

**«Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ
профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына
конкурстық орналасу
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1 Жалпы ережелер

1.1 «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу ережелері (бұдан әрі- Ережелер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерінің 16-тармағына сәйкес әзірленді.

1.2 Ережелер «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі – Қоғам) штат кестесінде көзделген профессор - оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасудың (бұдан әрі - конкурс) тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.3 «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары:

- заңдылық қағидаты;
- меритократия қағидаты;
- еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу қағидаты;;
- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- бәсекелестік принципі.

1.4 Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс бос лауазымдар болған кезде өткізіледі.

1.5 Конкурстың мақсаты қоғамның тиімді кадр саясатын қамтамасыз ету болып табылады.

1.6 Кафедра меңгерушілерінің ұсынысы бойынша Қоғамның әкімшілік жұмыс департаментінің кадрлар бөлімі конкурсқа шығарылатын бос лауазымдар тізімін қалыптастырады.

1.7 Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсына «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілік стандартына сәйкес келетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

1.8 Қоғамның әкімшілік жұмыс департаментінің кадрлар бөлімі конкурсқа қатысу үшін профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына үміткерлерден құжаттар жинауды жүзеге асырады, конкурсқа қатысушылардың тізімін қалыптастырады, өзге де конкурстық құжаттарды дайындайды.

2 Конкурс туралы хабарландыру

2.1 Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымы болған жағдайда Қоғам конкурс өткізу туралы хабарландыруды ресми сайтта мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

2.2 Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының атауы;

2) құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты;

3) «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілік стандартына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

4) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі.

2.3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар конкурстық комиссия төрағасының атына өтініш (еркін нысанда) береді. Бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурсқа қатысуға өтініш хабарландыру жарияланған күннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3 Конкурстық комиссияны құру

3.1 «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына орналасуға конкурстық комиссияның (бұдан әрі - Конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын Басқарма Төрағасы - университет ректоры айқындайды.

3.2. Конкурс комиссиясы жұмысының негізгі міндеттері:

1) конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;

2) конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3) конкурс өткізудің объективтілігінің, жариялылығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

5) конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;

6) конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

3.3 Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

1) конкурстық комиссияның төрағасы – университет проректоры;

2) конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – проректор немесе университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

3) конкурстық комиссияның хатшысы – университеттің штаттық қызметкері;

4) құрамы бес адамнан кем емес Конкурстық комиссия мүшелері (университеттің штаттық оқытушылары немесе қызметкерлері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, заң бөлімінің бастығы, ПОҚ және қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің төрағасы қатарынан).

4 Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау

4.1. Қоғамның әкімшілік жұмыс департаментінің кадрлар бөлімі құжаттарды қабылдауды және олардың ресімделу сапасын бақылауды жүзеге асырады.

4.2 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

1) конкурстық комиссия төрағасының атына өтініш;

2) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;

3) жеке куәліктің көшірмесі;

4) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалар;

5) еңбек қызметін растайтын, соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған құжаттың көшірмесі;

6) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;

7) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (бар болса);

8) құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген №086 нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;

9) адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

10) құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдардан анықтамалар;

11) ғылыми-педагогикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша перспективалық даму жоспары. Кафедра меңгерушісінің бос лауазымына үміткерлер үшін кафедра дамуының перспективалық жоспары.

4.3 4.2-тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес пакетін ұсыну өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

4.4. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

5 Конкурсты өткізу тәртібі

5.1 Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

1) профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына кандидаттардың өтінімдерін қарау;

2) ғылыми-педагогикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша перспективалық жоспарды таныстыру негізінде кандидаттармен әңгімелесу. Әңгімелесуді бейнеконференц-байланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

3) конкурстың қорытындысын шығару.

5.2 Қоғам:

1) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындайды;

3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;

4) комиссия отырысын ұйымдастырады.

5.3 Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды тапсырған тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

5.4 Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс әңгімелесу және перспективалық жоспарды қорғау нысанында өткізіледі, бұл ретте кәсібилік деңгейін айқындау үшін әрбір лауазым бойынша біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімі тексеріледі.

5.5 Әңгімелесудің мақсаты «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілік стандартын ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

5.7 Конкурстық комиссия отырысқа факультет деканын, тиісті кафедра меңгерушісін шақыруға құқылы.

5.8. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

5.9 Конкурстық комиссия жасырын дауыс беруге арналған бюллетень негізінде өткізілетін профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру негізінде

шешім қабылдайды. Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың фамилиясының жанына «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздер жазылады. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда бірде-бір фамилия сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

5.10 Отырысты бейнеконференц-байланыс режимінде өткізу кезінде дауыс беру бойынша есептерді түсіре отырып, Google-нысаны арқылы жасырын дауыс беруді пайдалануға жол беріледі.

5.11. Конкурстық комиссия қабылдаған шешім конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

5.12 дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар сынақ комиссиясын сайлайды. Сынақ комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Сынақ комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

5.13 Егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, конкурс өткізу кезіндегі конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады.

5.14 Кандидат, егер оған комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берсе, оң қорытынды алады.

5.15 Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, егер ол осы қағидаларды сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

5.16 Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір үміткер бойынша еңбек шартын жасасу үшін «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы - ректорына ұсынылады немесе «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы - ректорына ұсынылмайды деген ұсыныстар дайындайды.

5.17. Конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен комиссия хатшысы оған қатысқан адамдарды таныстырады.

5.18 Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады. Еңбек шартын жасасу конкурстық комиссияның отырыстары аяқталғаннан және Басқарма Төрағасы - ректордың шешімінен кейін, бірақ күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

5.19 Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тапсырмаған және (немесе) конкурстық комиссия сайламаған үміткерлер еңбек шартының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қоғамдағы жұмыстан босатылады.

6 Шағымдану тәртібі

6.1 Конкурсқа қатысушылар конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныса алады.

6.2 Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма Төрағасы – ректордың атына апелляциялық өтініш беру арқылы Комиссия шешіміне шағымдануға құқылы.

6.3 Басқарма төрағасы – Ректор апелляциялық өтінішті қарайды және оны қабылдамау немесе конкурстық материалдарды өтініш берілген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта қарау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

6.4 Конкурстық комиссия апелляциялық өтініш берген үміткерге қабылданған шешім туралы үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.